

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

зерттеу және жиналған материалды туризм мен өлкетану бойынша одан әрі педагогикалық қызметте пайдалану қабілетін қамтамасыз ететін жеке қасиеттерді қалыптастыру

Қазіргі географиялық білім беру жүйесінде туристік және өлкетану іс- әрекеттерін жүзеге асыру және өлкенің жергілікті бейнесін қалыптастыру географияны оқытудағы жетекші бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан география мұғалімдерін даярлауда туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру студенттерді туризм және өлкетану негіздерімен танысуға, өз жерін және туған өлкесін зерттеуге және танымдық дағдылармен қаруландыруға бағытталған

Сондай-ақ, қазіргі таңда орта мектептің ең маңызды стратегиялық міндеті - өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту. Туристік-өлкетану іс-әрекеті олардың жеке басын қалыптастыруға кешенді әсер етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Мұнда мұғалімнің дұрыс шешім қабылдауының арқасында тәрбие негіздері қалыптасады: оқушылардың адамгершілік, саяси, эстетикалық, еңбек, физикалық, психикалық және ой-өрісі кеңейеді. Туристік - өлкетану іс-әрекетінің маңыздылығын жақсы түсіну үшін, ең алдымен, осы түрдің әр компонентін жеке-жеке дамыту қажет. Туристік-өлкетану іс-әрекеттері тек қызмет түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар нақты өмірлік материада географияны оқытуды қамтамасыз ететін шарттардың бірі ретінде қарастырылады.

География пәні бойынша 10-сыныпта Астана қаласындағы тарихи өлкетану музейлеріне экскурсия жасаттым. Оқушылар сабақтан тыс өлкетану жұмыстарында - далалық сабақтар барысында өз жерін жан-жақты зерттеп және өлкетану материалдарын жинақтап оқу экскурсиялары мен тәжірибелік шаралар ұйымдастыра отырып, табиғатқа бақылаулар жүргіздім. Алынған мәліметтерді География сабақтарында талқылап, реферат түрінде ғылыми жұмыстар берілді. Өлкетану сабағында далалық экскурсияда жинақталған өлкетану материалдарын кеңінен пайдаландым. Туристік өлкетану жұмысы барысында менің байқағаным оқушылардың белсенділігі мен танымдық қызығушылықтары қалыптасты, қызығушылық тудыратын тақырыпты жүйелі түрде терең зерттеуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе географиядан туристік -өлкетану іс-әрекеті олардың жеке басын қалыптастыруға кешенді әсер етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. оқушылардың белсенділігі мен танымдық қызығушылықтары қалыптасады, қызығушылық тудыратын тақырыпты жүйелі түрде терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Исаков Ерлан Дүйсенбекович. Қазақстан Республикасы.- Алматы, 2023. https://www.kaznpu.kz/docs/docs/29.12.2023_dis.pdf
2. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті география кафедрасы 050116 география мамандығы бойынша кредиттік оқу жүйесінде оқитын студенттерге арналған Туризм және өлкетану негіздері .Орал 2011 ж.
3. Методика обучения географии в средней школе. Под редакцией А.Е. Бибик. М. Просвещение. 1982 г.

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКАСЫН ДАМУ

Қойшанова Әсел Сергейқызы

asel07@icloud.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: М.Н. Мусабаева

Бір технологияның өзі мұғалімдердің шеберлігіне байланысты әркілі жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі кезде әдебиеттерден қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын елуден астам педагогикалық технология қолданылып жүргендігі мәлім. Сондықтан білім беру жүйесінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың негізгі мақсаттарын білу қажет.

Жаңашыл педагог Ш. Амонашвилиден дамыта оқыту мен шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың жолдарын үйренуге болатын болса, С. Н. Лысенкованың тірек схемаларымен оза оқыту әдістерін үйренуге болады.

Белгілі психолог Выготский: «Оқыту, білім беру, дамытудың алдында жүріп отыруы керек. Дұрыс ұйымдастырылған оқыту үдерісі ғана баланың жеке басының дамуын үйлестіре алады» – дейді.

Өз кезінде Ж. Аймауытов «... Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, оқушының да шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Мұғалім үшін ең бастысы – сабаққа лайықты әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау. Сондықтан бастауыш мектепте сабақтарды индуктивтік, дедуктивтік, репродуктивтік, проблемалық, көрнекілік әдіспен оқыту тиімді болып табылады. Бастауыш мектепте сабақ түрлерін түрлендіріп сайыс сабақ, сынақ сабақ т.б. қайталау сабақ түрлерін топтық жұмыс, жеке оқушымен жұмыс, өздік жұмыс түрлерін қолдануға болады.

Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым және ол біртұтас педагогикалық үдеріспен байланысты (Ильин В. С.). Демек педагогикалық технология да осы педагогикалық үдерістің басты белгісіне сәйкес болуы керек. Педагогикалық технология – педагогикалық қолданбалы сипаты бар, бүтіндей алғанда, жалпы дидактика мен педагогиканың практикалық жалғасы. Ол классикалық дидактиканы дамытады, мынадай технология ұстанымдарына сүйенеді: а) технологиялық, құрылымдық және мазмұндық ұстанымдары; ә) оның диагностикалық мақсаттылығы, аяқталғандық, әлеуметтік және табиғатқа сәйкестілік, барлық үдерістердің қарқынды жүруі (В. Беспалько, 1984.) Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуальды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырып отыр. Педагогикалық технология саласындағы теориялық және практикалық ізденушілерді бір жерге топтастыру айналасындағы қызмет бағыттарын анықтайды.

Бұл жерде ізденудің шеберлігі – педагогикалық тізімді пайда етуші элементтерді үйрену, жаңалаудан тұрады. «Жаңа педагогикалық технология» терминологиялық тіркесіне үңілсек, жержүзінде когнативтік, эвристикалық, креативтік деп аталатын негізгі үш педагогикалық технология бар екенін білеміз. Эвристикалық технология оқушының өзін істетіп, зерттеушілік қабілетін дамытуға байланысты. Креативтік технология шығармашылық ойды, ұқыптылықты, қабілеттілікті дамытады. Қазіргі заманғы педагогикалық технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: оқу үдерісін интенсификтандыруды жаппай қолға алу; оқушылардың сабақбастылығын болдырмау шараларын кешенді қарастыру. Оның ғылымиәдістемелік, оқыту-әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандарттарымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу, өйткені оқыту-тәрбиенің негізі. Сондықтан оқыту да қоғамдық құбылысқа жатады. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады.

Біріншісі – мектепте және жоғары оқу орындарында оқыту. Екінші – өмірде оқыту, өмірге үйрету.

Тәрбиелеу, оқыту – егіз ұғым. Оқыту бағдарламалары сызықтық, тармақты адаптивті, құрама блоктық, модельді болып бөлінуі. Осылардың әрқайсысына қысқаша тоқталайық.

1. Сызықтық – оқу материалдары блокпен беріліп, бақылау жұмыстарымен кезектестіріліп отырылады.

2. Тармақтық – оқушылар дұрыс жауап бермеген жағдайда қосымша ақпарат сөздермен білім алып, жаңа бақылау жұмыстарын орындайды.

3. Адаптивті – өзінің меңгеру дәрежесіне қарай жаңа материалдың күрделілік дәрежесін өзі тандау, сөздіктер мен анықтамаларды қолдана алу.

4. Аралас бағдарламада сызықтық тармақтық, алгоритм бойынша есептеуді қолданады.

5. Блок түрінде беру бағдарламасы оқушылардың әртүрлі интеллектуалды операцияларды орындауында, алған білімдерін есеп шығаруда пайдалануына мүмкіндік береді.

6. Модульді оқыту – блоктық оқытудың жетілдірілген түрі. Мұнда оқушылар модульдерден тұратын оқу бағдарламасымен жұмыс істейді.

Педагогикалық технологиялар бірнеше топтарға бөлінетіні баршамызға мәлім. Осыны толық меңгерген мұғалімдер қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды өз тәжірибелеріне тиімді ендіре алады. Оқытудың жаңа инновациялық технология әдістерін дәріс беретін білімгерлермен практикалық сабақтар жүргізу барысында жиі қолданып отырамыз. Инновациялық технологияны пайдалану барысында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап білімгерлерге тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай туғызады.

Бұл бағдарламада мұғалімдерге де, білімгерлерге де міндеттер қояды. Осы міндеттерді орындауға мұғалім өзінің тақырыбы мен сабақ арасындағы біріккен іс-әрекет ұйымдастырады.

Мысалы, бұл бағдарламаны сабақтарда қолдану барысында оқушыларға:

- 1) еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- 2) ақыл-ойын дамытады;
- 3) шығармашылық белсенділігі артады;
- 4) тіл байлығы жетілдіріледі;
- 5) жан-жақты ізденеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қожамқұлова Ж.Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар». Алматы, 2013.

2. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. «Ғаламдық география», «Кітап баспасы». Алматы 2006.

3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006.

4. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.

5. Хуторской А. В. Эвристическое обучение: Теория, методология, практика. – М., 1998.

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Меңлібай Перизат Қайратқызы

menlibai.perizat12.02@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «7М01524 География мұғалімдерін даярлау» ББ 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Мусабаева М.Н, доценті., г.ғ.д.